

***Мемлекеттік аттестаттау шеңберінде
білім беру ұйымын өзін-өзі бағалаудан өткізу туралы***

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» № 486 бұйрығына, Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізудің жаңа қағидаларына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 36 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа ала отырып,

БҰЙЫРАМЫН

1. 2026 жылғы «3» маусым және «18» маусым аралығындағы кезеңде мектептің 2025–2026 о.ж. қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізілсін.
2. Өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі ішкі комиссия (бұдан әрі — Комиссия) мынадай құрамда құрылсын:
 - 1) Динара Хамитовна Каржауова - мектеп директоры, комиссия төрайымы
 - 2) Багдагуль Сахитжановна Баспаева - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
 - 3) Наталья Анатольевна Сазонова - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
 - 4) Баян Масетбаевна Кулниязова - директордың оқу әдістемелік жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
 - 5) Зада Валиевна Есингалиева - директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
 - 6) Артём Иванович Райзих - директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
 - 7) Сарсембаев Булек Зинегабдинович-директордың ӘШБ жөніндегі орынбасары.
3. Комиссия белгіленген мерзімде мыналарды қамтамасыз етсін:

3.1. Біліктілік талаптарына (№ 486 бұйрық) қатаң сәйкестікте мектеп қызметінің бағыттары бойынша ақпараттық материалдарды жинауды, жинақтауды және сапалы талдауды;

3.2. Білім беру ұйымын өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша есепті дайындауды, рәсімдеуді және Комиссия мүшелерінің қол қоюын 2026 жылғы «19» маусымға дейін қамтамасыз етсін.

4. Директордың орынбасарларына бекітілген өзін-өзі бағалау туралы есепті заңнамада белгіленген мерзімде <https://sosh-1.martuk.edu.kz/ru/> сайтына орналастыруды қамтамасыз етсін.

5. Педагогикалық кеңесінің отырысында өзін – өзі бағалау қорытындысы қаралсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



D. X. Karzayeva

Д.Х.Каржауова

Бұйрықпен таныстым:

N. A. Sazonova

Н.А.Сазонова

B. S. Baspaeva

Б.С.Баспаева

B. M. Kulnizova

Б.М.Кулнязова

A. I. Ryzhik

А.И.Райзих

Z. V. Esingaliyeva

З.В.Есингалиева

B. Z. Sarsymbaev

Б.З.Сарсембаев